

**Казталов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 наурыздағы № 32-4 "Казталов ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 12-18 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 7316-07 болып тіркелді

Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Казталов аудандық мәслихатының "Казталов ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 16 наурыздағы №32-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3869 тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері оқу жылы ішінде ай сайын әрбір мүгедектігі бар балаға бес айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*С. Мулдашев*